

**2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 қарашадағы № 1407 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы  
мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Асқар Қуанышұлы Жұмағалиевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

6

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 4 0 7

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз

Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімінің (бұдан әрі – Келісім) 8-бабына сәйкес мынадай өзгерістер енгізуді келісті:

## **1-бап**

Реттік нөмірі 10-жолдың «Қазақстан Республикасындағы өткізу пункттерінің атауы» деген бағанда «Мерке – теміржолдық» деген сөздер «Шалдыбар – теміржолдық» деген сөздермен ауыстырылсын.

## **2-бап**

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін қолданылады.

20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей заңдық күші бар.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының*

*Үкіметі үшін*